

Қазақстан Республикасы Ақпарат министрлігінің мәселелері

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 қарашадағы N 1180 қаулысы.
Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.10.29. N 1130 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру туралы" 2003 жылғы 13 қыркүйектегі N 1189 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған:

- 1) Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігі туралы ереже;
- 2) Қазақстан Республикасы Ақпарат министрлігінің қарауындағы ұйымдардың тізбесі;

3) Қазақстан Республикасы Ақпарат министрлігінің мемлекеттік мекемелері - аумақтық органдарының тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігіне екі вице-министр, оның ішінде біреу бірінші вице-министр болуға рұқсат етілсін.

3. Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің мемлекеттік мекемелері - аумақтық органдары Қазақстан Республикасы Ақпарат министрлігінің мемлекеттік мекемелері - аумақтық органдары болып қайта ұйымдастырылсын.

Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігі қаулының осы тармағын іске асыру жөнінде өзге де шараларды қабылдасын.

4. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1) "Республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың тізбесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 25 маусымдағы N 790 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1996 ж., N 29, 256-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың тізбесінде:

реттік нөмірлері 409-1, 409-4, 415-жолдар алынып тасталсын;
мынадай мазмұндағы бөліммен және реттік нөмірлері 416-1 және 416-2-жолдармен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігі
416-1. "Жалын" республикалық әдеби-көркем журналы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

416-2. "Елорда" баспасы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны";

2) "Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы N 659 қаулысына :

көрсетілген қаулыға қосымшада:

"Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігіне" деген бөлімнің тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігіне".

5. Қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2003 жылғы 26 қарашадағы

N 1180 қаулысымен

бекітілген

**Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігі туралы
ЕРЕЖЕ**

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) басшылықты және заңнамада көзделген шекте ақпарат, ішкі саяси тұрақтылық салаларындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органы болып табылады.

2. Министрліктің облыстарда, Астана және Алматы қалаларында аумақтық органдары бар.

3. Министрлік өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің кесімдеріне, өзге де нормативтік құқықтық кесімдерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Министрлік мемлекеттік мекеменің ұйымдастыру-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, оның өз атауы мемлекеттік тілде жазылған мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ заңнамаға сәйкес банктерде шоттары болады.

Министрлік өз атынан азаматтық-құқықтық қатынастарға түседі.

Министрлік мемлекет атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға егер осыған заңнамаға сәйкес өкіметті болса, құқылы.

5. Министрлік өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Министрдің бұйрықтарымен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

6. Министрліктің штат санының лимитін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

7. Министрліктің заңды мекен-жайы:
473000, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, "Transport tower" ғимараты.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2004.08.24. N 891 қаулысымен .

8. Министрліктің толық атауы - "Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігі" мемлекеттік мекемесі.

9. Министрліктің құрылтай құжаттары Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру туралы" 2003 жылғы 13 қыркүйектегі N 1189 Жарлығы және осы Ереже болып табылады.

10. Министрліктің қызметін қаржыландыру тек республикалық бюджеттен ғана жүзеге асырылады.

Министрлікке Министрліктің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында кәсіпкерлік субъектілерімен шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Министрлікке заңнамалық кесімдермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда мұндай қызметтен алынған кірістер республикалық бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Министрліктің негізгі міндеттері, функциялары және құқықтары

11. Министрліктің негізгі міндеттері:

1) Қазақстан Республикасының ақпараттық қауіпсіздігін өз құзыреті шегінде қамтамасыз ету және қорғау;

2) бірыңғай ақпараттық кеңістікті қалыптастыру және мемлекеттік ақпараттық саясатты іске асыру;

3) отандық бұқаралық ақпарат құралдарының дамуына көмек көрсету;

4) республиканың қоғамдық процестерін демократияландыру қоғамдық-саяси күштерін топтастыру жөніндегі тұжырымдамалық негіздерді әзірлеу;

5) кітап шығару және полиграфия саласындағы мемлекеттік саясатты жүргізу.

12. Министрлік өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес заңнамада белгіленген тәртіппен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) қоғамның демократиялық институттарын нығайтуға қатысады;
2) бұқаралық ақпарат құралдары, кітап шығару және полиграфия саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады;

3) мемлекет меншігіндегі бұқаралық ақпарат құралдарының қызметін үй л е с т і р е д і ;

4) өз құзыретінің шегінде әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлері бойынша баспа бағдарламаларын, сондай-ақ қоғамдық маңызы бар іс-шараларды бұқаралық ақпарат құралдары арқылы мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыруды қалыптастырады және бақылайды;

5) бұқаралық ақпарат құралдарын, оның ішінде шетел аудиториясына арналғандарды да есепке алуды жүзеге асырады;

6) бұқаралық ақпарат құралдары өнімінің Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын сақтауы мәніне мониторингті жүзеге асырады;

7) Жерүсті телерадио хабарларын тарату құқығын алуға конкурстар өткізу жөніндегі комиссияның жұмысын ұйымдастырады;

8) лицензиаттың теледидар және/немесе радио хабарларын таратуды ұйымдастыру жөніндегі қызметіне лицензияда көрсетілген шарттардың сақтауын бақылауды жүзеге асырады;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бұқаралық ақпарат құралдарын есепке қою туралы куәліктің күші жойылды деп тану, сондай-ақ теледидар және/немесе радио хабарларын таратуды ұйымдастыру жөніндегі қызметке берілген лицензияның қызметін тоқтата тұру туралы ш е ш і м қабылдайды;

10) өз құзыретіне жататын салаларда Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар дайындауды жүзеге асырады;

11) бұқаралық ақпарат құралдарында республиканың жалпыұлттық мемлекеттік даму стратегиясын түсіндіру мен насихаттауды қамтамасыз етеді;

12) газет-журналдық, дыбыс-бейне және өзге де отандық және шетелдік ақпарат өнімдеріне талдауды жүзеге асырады;

13) теледидар және радиохабарларын таратудың мемлекеттік желісін басқару жөніндегі жұмыстарды ұйымдастырады;

14) телекоммуникациялар саласында ұсынылатын қызметтердің сапасын арттыру үшін техникалық құралдарды дамыту және тиімді пайдалануды қамтамасыз ету жөніндегі жұмысқа қатысады;

15) Қазақстан Республикасының аумағында таралатын шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарын есепке алуды жүзеге асырады және олардың бірыңғай Т і з і л і м і н жүргізеді;

16) Министрлік құзыретіне жататын мәселелер бойынша саяси партиялармен, қоғамдық бірлестіктермен, үкіметтік емес ұйымдармен, кәсіби одақтармен және

өзгелерімен өзара іс-қимыл жасайды;

17) Мемлекеттік нышандар жөніндегі республикалық комиссияның жұмыс органының функциясын орындайды;

18) республикада болып жатқан қоғамдық-саяси процестерді жан-жақты әрі шынайы зерделеуді, қорытуды және талдауды жүргізеді;

19) Министрлік құзыретіне жататын мәселелер бойынша ақпараттық-талдау материалдарын, сараптама және болжамды бағаларды дайындауды жүзеге асырады;

20) әлеуметтік, ақпараттық және коммуникативтік технологияларды әзірлеуді және оларды мемлекет қызметінің әлеуметтік маңызы бар салаларына енгізуді жүзеге асырады;

21) ішкі саяси тұрақтылықты, азаматтық бейбітшілік пен келісімді нығайтуға, қазақстандық патриотизмге тәрбиелеуге бағытталған ғылыми-практикалық іс-шараларды (конференциялар, семинарлар, мәжілістер, дөңгелек үстелдер, симпозиумдар және т.б.) өткізеді;

22) қазақстандық ерекшеліктерді есепке ала отырып, қоғамдық пікірді талдау мен модельдеудің инновациялық әдістерін зерделеуді, бейімдеуді жүргізеді;

23) баспа-полиграфия саласының жағдайын талдайды және дамуын болжайды, аталған салада маркетингтік зерттеулер жүргізеді;

24) отандық кітап шығару, кітап маркетингінің кәсіби деңгейін және баспа-полиграфия өнімдерінің сапасын арттыру және баспа-полиграфия саласын дамыту жөніндегі шараларды қабылдайды;

25) республикалық кітап және полиграфия көрмелері мен жәрмеңкелерін жүргізуді ұйымдастырады, сондай-ақ халықаралық конференциялар, симпозиумдар мен семинарларға қатысады;

26) бұқаралық ақпарат құралдары, баспа және полиграфия ұйымдары саласындағы салалық стандарттар, техникалық шарттар мен нормативтік-техникалық құжаттама әзірлейді және оларды енгізуді қамтамасыз етеді;

27) заңнамада белгіленген тәртіппен Министрлік құзыретіне жататын салалардағы қатынастарды реттейтін халықаралық шарттарды жасасу, орындау және олардың күшін жою жөнінде ұсыныстар енгізеді;

28) Министрлік құзыретіне жататын мәселелер бойынша халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады;

29) Министрліктің құзыретіне жататын қызмет саласындағы заңнаманы қолдану практикасын талдайды және қорытады, заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық кесімдер жобаларын дайындауға қатысады және оларды Үкіметке енгізуді қамтамасыз етеді;

30) өз құзыретінің мәселелері жөніндегі нормативтік құқықтық кесімдерді

әзірлейді және бекітеді;

31) Министрліктің қызметіне жататын салаларда салалық бағдарламаларды әзірлейді және олардың іске асырылуын қамтамасыз етеді;

32) Министрліктің қарамағындағы ұйымдардың қызметін үйлестіреді;

33) Министрлікке заңнамамен жүктелген өзге де функциялар.

13. Министрліктің негізгі міндеттер мен функцияларды іске асыру үшін заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) мемлекеттік органдардан, өзге де ұйымдар мен азаматтардан Министрліктің құзыретіне жататын мәселелер бойынша ақпарат сұратуға;

2) Қазақстан Республикасының Үкіметіне мемлекеттік ақпарат саясатының негізгі бағыттары, қоғамдық-саяси процестер, кітап шығару мен полиграфияны дамыту және жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізуге;

3) Министрліктің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша ведомствоаралық үйлестіруді және бақылауды жүзеге асыруға;

4) өзіне берілген мүлікті пайдалану және иелену құқығын жүзеге асыруға;

5) лицензиялауды және лицензиаттардың лицензиялық міндеттемелерді сақтау жөніндегі қызметін бақылауды жүзеге асыруға;

6) ведомстволық бағыныстағы ұйымдарды құру, қайта ұйымдастыру, тарату мәселелері жөнінде ұсыныстар енгізуге;

7) қолданыстағы заңнамаға сәйкес мерзімді баспасөз басылымдарының бақылау даналарын тегін алуға;

8) заңнамада көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

3. Министрліктің мүлкі

14. Министрліктің жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болады.

Министрліктің мүлкі оған мемлекет берген мүлік есебінен қалыптасады және негізгі қорлар мен айналым қаражатынан, сондай-ақ құны Министрліктің теңгерімінде көрсетілген өзге де мүліктен тұрады.

15. Министрлікке бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

16. Министрліктің өзіне бекітілген мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе өзге де тәсілмен иелік етуіне құқығы жоқ.

Министрлікке республика заңнамасында белгіленген жағдайларда және шектерде мүлікке иелік ету құқығы берілуі мүмкін.

4. Министрліктің қызметін ұйымдастыру

17. Министрлік, оның аумақтық органдары және ведомстволық бағыныстағы ұйымдары Ақпарат министрлігінің бірыңғай жүйесін құрады.

18. Министрлікті Қазақстан Республикасының Президенті қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын Министр басқарады.

Министрдің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын Министрдің екі вице-министр - орынбасарлары оның ішінде бір бірінші вице-министрі болады.

19. Министр Министрліктің жұмысын ұйымдастырады әрі оған басшылық жасайды, Министрлікке жүктелген міндеттердің орындалуы мен оның өз функцияларын жүзеге асыруы үшін жеке жауап береді.

20. Осы мақсатта Министр:

1) өзінің орынбасарлары мен Министрліктің құрылымдық бөлімшелері басшыларының міндеттері мен өкілеттіктерін белгілейді;

2) заңнамаға сәйкес және өз құзыреті шегінде Министрліктің қызметкерлерін, аумақтық органдар мен ведомстволық бағыныстағы ұйымдардың басшыларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

3) мемлекеттік органдармен және өзге де ұйымдармен өзара қарым-қатынастарда Министрлікті білдіреді;

4) заңнамада белгіленген тәртіппен Министрлік қызметкерлерін және аумақтық органдар басшыларын көтермелеу, оларға материалдық көмек көрсету және тәртіптік жаза қолдану мәселелерін шешеді;

5) Министрліктің мемлекеттік кәсіпорындарды қоспағанда, ведомстволық бағыныстағы ұйымдардың құрылымдық бөлімшелері мен аумақтық бөлімшелері туралы жарғыларын және/немесе ережелерін бекітеді;

6) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен штат санының лимиті шегінде Министрліктің және оның аумақтық органдарының құрылымы мен штат с а н ы н б е л г і л е й д і ;

7) Министрліктің аумақтық органдарының басшылары кесімдерінің күшін толығымен не ішінара жояды немесе тоқтата тұрады;

8) өз құзыреті шегінде бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

9) Министрліктің жұмыс регламентін бекітеді;

10) заңнамаға сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

21. Министрліктің Министр жанындағы консультативтік-кеңесші органы болып табылатын Алқасы болады. Алқаның сандық және жеке құрамын Министр бекітеді.

5. Министрлікті қайта ұйымдастыру және тарату

22. Министрлікті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2003 жылғы 26 қарашадағы

N 1180 қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасы Ақпарат министрлігінің қарауындағы ұйымдардың тізбесі

Полиграфия ұйымдары

"Мектеп"	баспасы	ЖШС
"Алатау"	баспа-полиграфия корпорациясы	ААҚ
"Қарағанды	полиграфиясы"	ААҚ
"Қазақ	энциклопедиясы"	ЖАҚ
"Елорда"	баспасы"	РМК
"Баспалар	үйі"	АҚ
"Қазақстан Республикасының Ұлттық мемлекеттік кітап палатасы"		

Бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы ұйымдар

"Қазақстан"	Республикалық	Телерадиокорпорациясы"	АҚ
"Хабар"	агенттігі"		АҚ
"Егемен Қазақстан"	республикалық	газеті"	ААҚ
"Казахстанская правда"	республикалық	газеті"	ЖАҚ
"Қазақ	газеттері"		ЖАҚ
"Жас	өркен"		ААҚ
"Жалын"	республикалық	әдеби-көркем журналы"	РМҚК
"Қазбаспасөз"			ААҚ
"Қазақ ақпарат агенттігі" ұлттық компаниясы"			

Ескерту. Тізбе толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2004.02.16. N 179

қаулысымен .

Ескерту. Тізбеге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.08.24. N 891

қаулысымен .

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2003 жылғы 26 қарашадағы

N 1180 қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасы Ақпарат министрлігінің аумақтық органдары - мемлекеттік мекемелерінің тізбесі

Ақмола облысы

1. Қазақстан Республикасы Ақпарат министрлігінің Ақмола облысы бойынша Ақпарат басқармасы

Ақтөбе облысы

2. Қазақстан Республикасы Ақпарат министрлігінің Ақтөбе облысы бойынша Ақпарат басқармасы

А л м а т ы о б л ы с ы

3. Қазақстан Республикасы Ақпарат министрлігінің Алматы облысы бойынша Ақпарат басқармасы

А т ы р а у о б л ы с ы

4. Қазақстан Республикасы Ақпарат министрлігінің Атырау облысы бойынша Ақпарат басқармасы

Ш ы ғ ы с Қ а з а қ с т а н о б л ы с ы

5. Қазақстан Республикасы Ақпарат министрлігінің Шығыс Қазақстан облысы бойынша Ақпарат басқармасы

Ж а м б ы л о б л ы с ы

6. Қазақстан Республикасы Ақпарат министрлігінің Жамбыл облысы бойынша Ақпарат басқармасы

Б а т ы с Қ а з а қ с т а н о б л ы с ы

7. Қазақстан Республикасы Ақпарат министрлігінің Батыс Қазақстан облысы бойынша Ақпарат басқармасы

Қ а р а ғ а н д ы о б л ы с ы

8. Қазақстан Республикасы Ақпарат министрлігінің Қарағанды облысы бойынша Ақпарат басқармасы

Қ ы з ы л о р д а о б л ы с ы

9. Қазақстан Республикасы Ақпарат министрлігінің Қызылорда облысы бойынша Ақпарат басқармасы

Қ о с т а н а й о б л ы с ы

10. Қазақстан Республикасы Ақпарат министрлігінің Қостанай облысы бойынша Ақпарат басқармасы

М а ң ғ ы с т а у о б л ы с ы

11. Қазақстан Республикасы Ақпарат министрлігінің Маңғыстау облысы бойынша Ақпарат басқармасы

П а в л о д а р о б л ы с ы

12. Қазақстан Республикасы Ақпарат министрлігінің Павлодар облысы бойынша Ақпарат басқармасы

С о л т ү с т і к Қ а з а қ с т а н о б л ы с ы

13. Қазақстан Республикасы Ақпарат министрлігінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Ақпарат басқармасы

О ң т ү с т і к Қ а з а қ с т а н о б л ы с ы

14. Қазақстан Республикасы Ақпарат министрлігінің Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша Ақпарат басқармасы

А с т а н а қ а л а с ы

15. Қазақстан Республикасы Ақпарат министрлігінің Астана қаласы бойынша Ақпарат басқармасы

А л м а т ы қ а л а с ы

16. Қазақстан Республикасы Ақпарат министрлігінің Алматы қаласы бойынша Ақпарат басқармасы

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і н

2 0 0 3 ж ы л ғ ы 2 6 қ а р а ш а д а ғ ы

N 1 1 8 0 қ а у л ы с ы н а

қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі

1. "Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 29 сәуірдегі N 499 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 16, 163-құжат).

2. "Жедел басу баспаханасы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын тарату туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 18 маусымдағы N 803 қаулысы 3-тармағының 2) тармақшасы.

3. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 2 тамыздағы N 1093 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілген өзгерістер мен толықтырулардың 21-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 40, 343-құжат).

4. "Өндірістік-пайдалану бірлестігі" республикалық мемлекеттік кәсіпорнын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 3 наурыздағы N 351 қаулысы 5-тармағының 2) тармақшасы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 13-14, 135-құжат).

5. "Қазақстан халқы тарихи-мәдени мұрасының кейбір объектілерін сақтау жөніндегі қосымша шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 24 мамырдағы N 779 қаулысы 5-тармағының 2) тармақшасы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 23, 271-құжат).

6. "Жас өркен" ашық акционерлік қоғамын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 26 шілдедегі N 1110 қаулысы 3-тармағының 2) тармақшасы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 30, 374-құжат).

7. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 28 қазандағы N 1626 қаулысы 1-тармағының 1) тармақшасы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 44-45, 531-құжат).

8. "Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің "Рауан" республикалық баспасы" республикалық мемлекеттік

кәсіпорнын қайта ұйымдастыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 13 қарашадағы N 1701 қаулысы 3-тармағының 2) тармақшасы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 47-48, 558-құжат).

9. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 29 сәуірдегі N 499 және 2000 жылғы 31 тамыздағы N 1328 қаулыларына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 5 желтоқсандағы N 1807 қаулысы 1-тармағының 1) тармақшасы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 54, 594-құжат).

10. "Ғылым" ғылыми-баспа орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 20 қаңтардағы N 88 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілген өзгерістер мен толықтырулардың 3-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2001 ж., N 1-2, 23-құжат).

11. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 29 сәуірдегі N 499 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 18 мамырдағы N 656 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2001 ж., N 18, 231-құжат).

12. "Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 28 қазандағы N 1366 қаулысы .

13. Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің "Мектеп" ашық акционерлік қоғамын қайта ұйымдастыру туралы " Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 31 қазандағы N 1383 қаулысы 3-тармағының 2) тармақшасы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2001 ж., N 36-37, 486-құжат).

14. "Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің Қазақ ақпарат агенттігі (ҚазААГ)" республикалық қазыналық кәсіпорнын қайта ұйымдастыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 8 қарашадағы N 1186 қаулысы 3-тармағының 3) тармақшасы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2002 ж., N 39, 402-құжат).

15. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 29 желтоқсандағы N 1441 қаулысы 1-тармағының 1) тармақшасы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2002 ж., N 49, 489-құжат).

16. "Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің "Елорда" Ақмола мемлекеттік баспасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнын қайта ұйымдастыру

туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 17 қаңтардағы N 35 қаулысы 3-тармағының 2) тармақшасы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2003 ж., N 1, 13-құжат).

17. "Жалын" республикалық әдеби-көркем журналы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 9 сәуірдегі N 341 қаулысы 5-тармағының 2-тармақшасы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2003 ж., N 16, 163-құжат).

18. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 27 тамыздағы N 872 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 1-тармағы.

19. "Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің "Өндірістік-пайдалану бірлестігі" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын қайта ұйымдастыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 8 қыркүйектегі N 906 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 4-тармағы.